# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

№1-2 (421-422)
28 ақпан,
2018 жыл

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді


**Бүгінгі санда**




5-6

ГЛАВНЫЙ ГОРОД В ЖИЗНИ **ИРИНЫ НАЗАРОВОЙ**





8-9

**ҚЫС ҒАЖАБЫ** – СЫРҒАНАҚ





10-11

ЖҰЛДЫЗДЫ ҰСТАЗДЫҢ **ЖҰЛДЫЗДЫ ШӘКІРТТЕРІ**


# ІЗГІЛІКТІ ІСТЕРДІҢ ІЗДЕУШІСІ



**Әр адамның өмір жолы оның жеке қасиет пен іскерлік қабілетіне сай болады. Біздің газетімізде бастауын алған жаңа жоба - университеттің «Ай адамына» алғашқылардың бірі болып лайық деп танылған Төребаева Клара Жаманбайқызы әріптестерінен осындай іскерлік қабілетімен бөлек. Оны үлкен істерге жетелейтін ерекше қасиеті – өз-өзіне деген сенімділігі.**

**Үлкен өмірге аяқ басқан сәттен бастап Клара Жаманбайқызы барлық білімін, біліктілігін, іскерлігін, өмірін шәкірт тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Бір қолымен бесікті тербетіп, отбасы алдындағы жауапкершілігінде бұлжытпай орындай жүріп, қызмет саласында да басшылық қызметтерді абыроймен атқарды. Бірнеше жыл кафедра меңгерушісі, педагогика факультеті деканы,тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор болып, салмақты, жүгі ауыр қызметтерді басқара білді.**

**Қазіргі таңда Клара Жаманбайқызы «Мектепке дейінгі және арнаулы білім» кафедрасының меңгерушісі. Тынымсыз еңбегі мен ізденісінің арқасында университеттен заманауи талаптарға сай «Сенім», «Зерде», «Шолпы» кабинеттерін жабдықтауға, «Ақылды балабақша» «Start-up» жобасының жүзеге асуына тың идеяларын ұсынды.**

4

## *Қымбатты оқырмандар!*

*Университеттің мерзімді басылымы 1997 жылдан бастап шығады. 20 жылдан астам өз тарихында газет оқу орнымыздың елең еткізер жаңалығын сіздердің назарларыңызға ұсынып келеді. Бүгінгі саны – ерекше. Заман үніне сәйкестеп, басылымның атауын өзгерттік, тілін көбейттік, пішінін ықшамдадық. Бірізді жаңа айдарлар қостық. Атауының ағылшынша болуы – алдымызға амбициялық міндеттер қоюымыздың белгісі. Қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы Құдайберген Жұбанов атындағы оқу орнымызды әлемдік биікке көтеруге үлес қосуға талпынысымыздың көрінісі. Газет номерлерінің электрондық нұсқасы университет сайтына жүктеліп, интернет оқырмандарын да қамтитын болады.*

***Құрметпен, редакция***

## *Уважаемые читатели!*

*Периодическое издание университета выходит с 1997 года. Более 20-ти лет газета оперативно знакомит вас с новостями университета. Сегодняшний номер – особенный. В соответствии с требованиями нового времени мы изменили название издания, расширили языковые возможности, теперь вы можете читать и на английском, скомпоновали объем, появились новые рубрики. Переименование названия газеты на английский язык является признаком наших амбициозных целей, знаком стремления довести наше учебное заведение, которое носит имя первого казахского лингвиста Кудайбергена Жубанова, до мирового уровня. Электронная версия газеты будет доступна на официальном сайте университета  www.arsu.kz.*

***С уважением, редакция***

## Айдың айшықты жаңалықтары

## Лучшие новости месяца

## Top news of the month







### УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ ЖОЛДАУДЫ МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ БАҚЫТБЕК СМАҒҰЛМЕН БІРГЕ ТАЛҚЫЛАДЫ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұл келіп, университеттің профессор-оқытушылары, студенттер, Ақтөбе облысы зиялы өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында Б.Смағұлға дін мәселесі, қазақ тілі мәртебесін көтеру мәселелері төңірегінде сұрақтар қойылды. Кездесу соңында Бақытбек Смағұлға Қ.Жұбанов бейнесі бейнеленген кілемше мен кітаптар сыйға тартылды.

### КОЛЛЕКТИВ УНИВЕРСИТЕТА ОБСУДИЛ ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН С ДЕПУТАТОМ МАЖИЛИСА БАКЫТБЕКОМ СМАГУЛОВЫМ

Профессорско-преподавательский состав и студенты Актюбинского регионального университета им. К.Жубанова встретились с депутатом Мажилиса Парламента РК Бакытбеком Смагуловым. В ходе встречи Б.Смагулову были заданы вопросы, связанные с религией, усовершенствованием статуса родного языка. В конце встречи гостю был вручен коврик с изображением К. Жубанова и памятные книги.

### THE STAFF OF THE UNIVERSITY DISCUSSED THE ADDRESS OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN WITH THE DEPUTY OF MAZHILIS BAKYTBEK SMAGULOV

The teaching staff and students of K. ZhubanovAktobe Regional State University met the deputy of Mazhilis of Parliament of RK Bakytbek Smagulov. During the meeting the questions connected with religion, improvement of the status of the mother tongue were asked to B.Smagulov. At the end of the meeting the guest was presented with a rug with K.Zhubanov picture and memorable books.



## Айдың айшықты жаңалықтары

## Лучшие новости месяца

## Top news of the month

### УНИВЕРСИТЕТТЕ ЖАҢА ОРТАЛЫҚТАР МЕН КАБИНЕТТЕР СТУДЕНТТЕР ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің бас ғимаратында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру мақсатында «Зерде» оқу-әдістемелік кабинеті, «Этнопсихология» кабинеті, «Шешендік өнер» кабинеті, «Сана» психологиялық кеңес беру кабинеті, «Тұлға» психологиясы кабинеттерінің тұсаукесері болып өтті. Тұсаукесер рәсіміне университеттің факультет декандары, кафедра меңгерушілері, бөлім басшылары келді.

### В УНИВЕРСИТЕТЕ БЫЛИ ПРЕДСТАВЛЕНЫ НОВЫЕ ЦЕНТРЫ И КАБИНЕТЫ ДЛЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СТУДЕНТАМИ УНИВЕРСИТЕТА

С целью реализации программной статьи Президента Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» в главном корпусе Актюбинского регионального государственного университета имени К.Жубанова была презентация учебно-методического кабинета «Зерде», кабинета Этнопсихологии, ораторского искусства, кабинета психологической консультации «Сана», кабинета личностной психологии.В презентации приняли участие деканы факультетов, заведующие кафедрами, начальники отделов.

### THE NEW CENTERS AND OFFICES FOR STUDENTS' USE HAVE BEEN PRESENTED IN THE UNIVERSITEY

For the purpose of implementation of the program article of President Nursultan Nazarbayev "The Course towards the Future: Modernization of Public Conscience" the presentation of "Zerde" educational and methodical office, Ethnopsychology office, Oratory office, "Sana" office of psychological consultation, office of personal psychology was carried out today. Deans of faculties, heads of sub-departments, chiefs of departments participated in the presentation.




### ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ СМАРТХОУМ ТИПІНДЕГІ «ЖАСТАР ҮЙІ» АШЫЛДЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына орай Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде Смартхоум типіндегі заманауи «Жастар үйінің» ашылу рәсімі өтті.

Салтанатты рәсімге облыс әкімі Бердібек Сапарбаев, қала әкімі Іляс Испанов, Ақтөбе облыстық мәслихатының хатшысы Сәния Қалдығұлова, университет ректоры Бауыржан Ердембеков, еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлері, облыс зиялылары, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.

Заманауи талаптарға сай тұрғызылған «Жастар үйі» жатақханасы 500 орынға есептелген.



### В УНИВЕРСИТЕТЕ ИМЕНИ К.ЖУБАНОВА ОТКРЫЛСЯ «ДОМ МОЛОДЕЖИ» ТИПА СМАРТХОУМ

В Актюбинском региональном государственном университете имени Жубанова прошло торжественное открытие «Дома молодежи» типа Смартхоум, приурученное к программной статье президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

В торжественном открытии приняли участие аким области Бердыбек Сапарбаев, аким города Актобе-Илияс Испанов, секретарь областного маслихата Сания Калдыгулова, ректор университета имени К.Жубанова Бауыржан Ердембеков, ветераны труда, общественные деятели, представители интеллигенции области, профессорско-преподавательский состав университета имени К.Жубанова.

Гости посетили столовую, читальный зал, актовый зал, совет студентов, комнату отдыха, процедурную и жилые комнаты. Они высоко оценили роль современного «Дома молодежи».

### "YOUTH HOUSE" OF SMART HOME TYPE OPENED AT K.ZHUBANOV UNIVERSITY

The ceremonial opening of the "Youth House" of the Smart Home type timed to the program article of the President "The Course towards the Future: Modernization of Public Conscience" took place at K.ZhubanovAktobe Regional State University.

Akim of the region Berdybek Saparbayev, akim of the city of AktobeIliyasIspanov, the secretary of the regional maslikhat Saniya Kaldygulova, Rector of K. Zhubanov University Bauyrzhan Erdembekov, veterans of labor, public figures, representatives of intelligentsia of the region, the teaching staff of K.Zhubanov University participated in the ceremonial opening.

The guests also visited the dining room, the reading room, the assembly hall, the students' council, the recreation room, the medical treatment room and the living room. They highly appreciated the role of the modern "Youth House ".

Ай адамы • Человек месяца • Person of the month

# ІЗГІЛІКТІ ІСТЕРДІҢ ІЗДЕУШІСІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

## «Ақылды балабақша» ең үздік «Start-up» жобасы

Университетімізде алғаш рет ұйымдастырылып, 1 айдан астам уақытқа созылған «Start-up» жобалар байқауының шешуші кезеңі өз нәтижесін берді. Шешуші кезеңге өткен 16 жоба ішінен бірінші орынды педагогика ғылымдарының докторы, профессор Клара Төребаеваның жетекшілігімен жас оқытушылар педагогика ғылымдарының магистрі Назгүл Бозғұланова мен дефектология мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі Гүлдархан Айтмағанбетованың «Ақылды балабақша» жобасы жеңіп алды.

Қазір елімізде демографиялық мәселе шешіліп келеді. Мемлекетіміз деңгейінде балабақшалар саны өсімде болғанымен, әлі де түйіні шешілмей келе жатқан мәселенің бірі балабақшада орындардың жетіспеуі.Университетте қанша жас отбасы бар, олардың отбасылық жағдайы, оларға балабақша қажет пе, бүгінгі таңда жас отбасылар қандай нәрселерге мұқтаж, бала тәрбиесінде түрлі тәрбие ұйымдарына тартуда оларға қандай көмек керек деген сұрақтар төңірегінде маркетингтік зерттеу жүргізе отырып, жас оқытушылардың ішінде балаларын мектепке дейінгі ұйымдарға беруде қажеттіліктер көптігі байқалды. Осы зерттеулерді түйіндей келе, Клара Жаманбайқызы университет жанынан балабақша ашсақ деген оймен «Ақылды балабақша» жобасын ұсынды.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында дуалды, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыру да қазіргі уақыт талабы екендігі айтылған. Дуалды білімді жүзеге асыру үшін студенттерге теориялық білімді практикаға ұштастыру, практикалық дағдыларды, практикалық машықтарын одан да терең етіп қалыптастыру, білім ұйымдарында тәжірибе жинақтау қажет. Университет жанынан ашылатын балабақша жобасы осы мәселелерді қамти отырып, студенттердің болашақ мамандықтарына байланысты тәжірибелерінде арттыруға ықпалын тигізетіні сөзсіз. Мемлекеттік балабақшаларға баланы таңертең апарып, кешке алып кету керек. Оқытушылар сабақ кестесіне байланысты жобалық балабақшаға баланы өзіне ыңғайлы уақытта әкеле алады. Мәселен, қаланың алыс аудандарында тұратын оқытушылар баласын балабақшаға апарып, бірінші ауысымда сабағы болмаса да жұмысқа келіп отыруға мәжбүр. Университеттің жанынан ашылатын, балаларды сағатымен қабылдайтын балабақша оларды қаржы жағынан үнемдеуге, екінші жағынан сағатына қарай өзіне ыңғайлы уақытында сәбиін әкелуге тиімді болмақ.



## «Сенім» орталығы - ізгіліктің бастамасы

«Сенім» әлеуметтендіру орталығы аты айтып тұрғандай адамдарға үміт пен сенім сыйламақ. Орталықты ашудағы мақсат – дамуында сөйлеу, көру, есту мүшелерінің кемшіліктері бар балаларға түзету және дамыту жұмыстарын жүргізу, кеңес беру, түрлі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға байланысты психологиялық күйзелістерге ұшыраған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерді қоғамдық ортаға бейімдеу, қолдау көрсету және оңалту. Бұл жерде студенттерге тек теориялық дәрістер ғана емес, практикалық сабақтарда жүргізілмек. «Мектепке дейінгі және арнаулы білім» кафедрасының оқытушымамандары көмекке зәру жандарға кеңес беріп, логопед, дефектолог сабақтарын өткізіп, дамытушы жаттығулар жүргізетін болады.

«Сенім» орталығында сөйлеу, көру, есту, тірек-қимыл аппараты кемшіліктері бар және психикалық дамуы кешеуілдеген тұлғалар диагностикасы, мамандар кеңесі, логопед сабақтары, дефектолог сабақтары, дамытушы жаттығулар жүргізу және кеңес беру қызмет бағыттары көрсетіледі.

Орталық қызметін есту қабілеті нашар, сөйлеу тілі бұзылған, психологиялық дамуы кешеуілдеген, көру қабілеті нашарлаған, тірек-қимыл аппараты кемшіліктері бар балалар және психологиялық тұрақсыз, әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық күйзеліске ұшыраған, эмоциялық дағдарыс жағдайындағы студенттер қолдана алады.Орталықта дефектолог маманның түзету, дамыту және кеңес беру жұмыстары, диагностикалық зерттеулер жүргізуіне жағдайлар жасалып, арнайы құрал-жабдықтармен жасақталған.

> ***«Сенім» орталығында сөйлеу, көру, есту, тірек-қимыл аппараты кемшіліктері бар және психикалық дамуы кешеуілдеген тұлғалар диагностикасы, мамандар кеңесі, логопед сабақтары, дефектолог сабақтары, дамытушы жаттығулар жүргізу және кеңес беру қызмет бағыттары көрсетіледі.***

## «Зерде» әдістемелік кабинеті - сапалы мамандарды даярлаудың бір бағыты

Мектепке дейінгі білім беру саласында да жаңартылған білім мазмұнына көшу, инновациялық ортаны қалыптастыру мәселелері өзекті болып отыр. Сондықтан Клара Жаманбайқызының жетекшілігімен болашақ білікті кадрлар даярлау, тәрбие саласы мамандарын, болашақ психологтарды дайындау үшін «Зерде» әдістемелік кабинеті ашылды. Кабинетті ашудағы басты мақсат – әдістемелік пәндерді инновациялық ортаға сәйкес оқыту әдістерін, оқыту технологияларын қазіргі талаптарға сай қолдану. «Зерде» кабинетінде «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының студенттеріне бірнеше әдістемелік пәндер бойынша сабақтар жүргізіледі. Оқу-әдістемелік пәндердің балабақшамен байланыса отырып, жоғары деңгейде ұйымдастырылуы жолға қойылуы қамтамасыз етіледі. Болашақта қалыптасқан құзіретті мамандар дайындауда бұл кабинеттің маңыздылығы зор. Жастарға көптеген мүмкіншіліктер береді. Электрондық жүйедегі қолданылатын оқулықтар базасы осы кабинетке жабдықталған.

## «Шолпы» ұлттық тәрбие кабинеті

Профессор Клара Төребаеваның жетекшілігімен қолға алынған тағы бір игі бастаманың бірі – «Шолпы» ұлттық тәрбие кабинеті. Мақсаты – студенттерді оқыта отырып тәрбиелеу,тәрбиелей отырып оқыту. Тұтас педагогикалық процесті жоғары мектеп талаптарына сай ұйымдастыру үшін студенттердің тәрбиесі басты назарда болуы керек. Сондай-ақ, қоғамға қажетті тұлғаны қалыптастыру үшін де тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда болашақ мамандарды тәрбиелеуді жүзеге асыратын «Шолпы» кабинетінің маңызы ерекше. Студенттердің патриоттық, ұлттық тұлға ретінде қалыптасуында айырықша орны болатыны сөзсіз.

Кабинеттің барлық элементі ұлттық нақышта жабдықталған. Киіз үй элементтері, шаңырақ, кереге, қолданылатын қазақы бұйымдар, ыдыс-аяқтарды сол кабинеттен кездестіруге болады. Ұлттық құндылықтарымызды студенттер сабақ барысында қолданады, олардың әрқайсысының жасалу ерекшелігі, тарихымен танысады. Жастардың рухани құндылықтарымызбен терең танысып, салтымызды, дәстүрімізді бойларына сіңіріп, қазақ елінің патриот ұл-қыздары болып өсуінде кабинеттің тигізер ықпалы зор болмақ.

**Жадыра АРЕН**

Туған Ақтөбем ● Родной Актобе ● Homeland Aktobe

# ГЛАВНЫЙ ГОРОД В ЖИЗНИ ИРИНЫ НАЗАРОВОЙ

САМЫЕ СИЛЬНЫЕ И ВОЛНУЮЩИЕ ВОСПОМИНАНИЯ ДЛЯ ЧЕЛОВЕКА, ЭТО, ПОЖАЛУЙ, КАРТИНКИ ЕГО РОДНЫХ МЕСТ, ГДЕ ОН ПРОВЕЛ СВОЕ ДЕТСТВО И ЮНОСТЬ, ПЕРИОДЫ ВЗРОСЛЕНИЯ. ЛЮБИМЫЕ ТРОПИНКИ, ЗАКОУЛКИ, ЛАВОЧКИ...ТЕ МЕСТА, КОТОРЫЕ ТЕБЯ ВСЕГДА ТЯНУТ, ВЫЗЫВАЮТ СЛЕЗЫ РАДОСТИ И СЧАСТЬЯ, КОГДА ИХ ПОСЕЩАЕШЬ. АКТЮБИНСКАЯ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТКА ИРИНА НАЗАРОВА ПОСЛЕДНИЕ 4 ГОДА ЖИВЕТ В ВАЛЕНСИИ (VALENCIA) –В ОДНОМ ИЗ КРАСИВЕЙШИХ ГОРОДОВ ИСПАНИИ, НА БЕРЕГУ СРЕДИЗЕМНОГО МОРЯ. В 1984-1987 ГОДАХ ИРИНА УЧИЛАСЬ В АПИ (НЫНЕ АРГУ ИМ.К.ЖУБАНОВА) И ПОЛУЧИЛА СПЕЦИАЛЬНОСТЬ «УЧИТЕЛЬ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ». ПОСЛЕ УДАЛОСЬ ПОРАБОТАТЬ НА ТЕЛЕКОМПАНИЯХ ТОЛЬЯТТИ И МОСКВЫ. В РАЗНЫХ ДОЛЖНОСТЯХ - ПРОДЮСЕРА, РЕДАКТОРА, РУКОВОДИТЕЛЯ ПРОГРАММ. ГДЕ БЫ ОНА НЕ ЖИЛА И РАБОТАЛА, ГЛАВНЫМ ГОРОДОМ В ЕЕ ЖИЗНИ ОСТАЕТСЯ РОДНОЙ АКТОБЕ, ГДЕ ЖИВУТ ЕЕ МАМА И БЛИЗКИЕ.







Сын Илья, внучка Адель.

**- Недавно приезжала на Родину. Помню, что были удивлены и рады развитой инфраструктуре города. А что любили из старого Актобе?**

- Спасибо за хороший вопрос. Давно хотела поделиться чувствами по этому поводу. Я уехала из Актюбинска в 2001 году. Сначала был Тольятти, потом Москва, сейчас Валенсия. И почти сразу заскучала по родным местам. Потому что было трудно на новом месте, появилась ностальгия. Из Тольятти я приезжала домой чаще, потом все реже и реже. И в одном из первых приездов после продолжительного отсутствия я, на волне ностальгии, решила пройтись по тем местам, которые любила в детстве и юности. Надеясь найти их такими же, какие они сохранились в моих воспоминаниях. Заново пережить все, что было важным раньше. По старой Москве, где я родилась, по району улицы Фрунзе, где пошла в школу, по Жилгородку, где была пережита первая влюбленность..Я упорно обошла пешком чуть ли ни полгорода и не нашла абсолютно ничего похожего на то, что хранила память. Все изменилось капитально. Вплоть до размеров и масштабов зданий, улиц, расстояний. Естественно, я была маленькой, когда прятала воспоминания. А все течет, все меняется. И в результате, от ностальгии моей не осталось ни следа. Мы ностальгируем не по конкретным местам, а по своим воспоминаниям, чувствам прошедшим, жизни минувшей. И я убедилась, что надо наслаждаться текущим моментом. Находить удовольствие в том, что сейчас окружает. И да, согласно моим любимым воспоминаниям я люблю старую «Москву», центр старого города, Жилгородок. Они стали другими, но остались любимыми. Я очень любила гулять по центру старого города. Согласитесь, Актюбинск, его важные основные части, можно обойти пешком. Особенно был любим всеми нами, детьми¬, Парк Пушкина. Потом я проводила много времени в Домах культуры Металлургов и Химиков. Вообще, Жилгородок в то время очень отличался и по архитектуре, и по атмосфере от иных частей города. Он был, как мне кажется, более уютным, интеллигентным, прозападным...

**- Студенческие годы – самые лучшие в жизни человека. Какие события остались в памяти?**

- Мне повезло попасть в состав группы будущих филологов, которые отправились в Брянскую область собирать местные русские говоры. Вернее, нет, не повезло... это было одним из первых проявлений моего характера кочевника и авантюриста. Я с удовольствием откликнулась на предложение поехать в экспедицию. Это было за год до трагедии в Чернобыле. А там все близко, если знаете немного географию. Поэтому, мы были первой и последней экспедицией в те интереснейшие с точки зрения языкознания края. Было все очень ново и романтично. И хорошо, что мы были молоды. Потому что, нам сопутствовали почти все атрибуты экспедиционной жизни. Плацкартные вагоны поездов, жизнь в походных условиях. Слабо припоминаю, где и что мы ели. Ну, наверняка, что-то ели. Но, уверена, нам, мне, были не важны комфорт и сытость. Потому что, каждый день был наполнен бесконечным драйвом. Наше следование по красивейшей Брянщине, встречи с пожилыми женщинами – носительницами говоров, песен, пословиц и поговорок. Часто было вообще не понять, что говорят они. Их речь состояла в основном из старинных слов, употребление которых, конечно, уже забыто. А они помнили и использовали их. И мы все старались записать, законспектировать. У меня было 3 общих тетрадей, исписанных говорами. Много карточек. Через полгода я съездила с докладом и анализом по итогам экспедиции на студенческую конференцию в Академгородок Красноярска. А следом грянула Перестройка. И стало понятно, что филология с исчезающими говорами, это конечно интересно, но, немного....уныло на фоне перестроечных дел. Но, да, один из интереснейших этапов моей жизни был связан с Педагогическим Институтом Актюбинска.

(Продолжение на 6 стр)

(Окончание. Начало на 5-стр)

Так он тогда назывался. Сейчас это очень современный региональный университет, где готовят не только педагогические кадры, но и много специальностей разных сфер для Казахстана.

**- Будучи филологом, как стали журналистом?**

- Я с детства мечтала прославиться. Быть на «телеке»..А если серьезно, после института сразу оказалась в декретном отпуске. Я поработала сначала в детском саду воспитателем. Однажды мне попалось маааленькое объявление в газете о наборе корреспондентов. Начала писать небольшие статьи, по заданию редактора ездить на интервью. В это же время готовилась к открытию РИКА. Меня туда тоже взяли на пробы. Признаюсь честно, первые телевизионные пробы мои никуда не годились. Но, оказалось, что я могу добывать информацию. Общими усилиями, моими и редакторов, я училась правильно подавать новости. Научилась держаться в кадре, управлять лицом, как говориться. И спасибо огромное коллегам из Интерньюс Казахстана совместно с американскими журналистами за то, что научили профессионально работать в новостной команде. И в результате, я ни дня не проработала по специальности диплома, в школе. Пока, видимо, не судьба.





жу честно, немного отдохнуть от того бесконечного драйва, что был раньше. Испания– страна неспешных людей и дел. Страна бесконечного солнца и потому – полного отсутствия депрессий.

**- Что отвлекает, когда тоскуете по Родине?**

- Я не тоскую по Родине. Честно. Почему нет депрессии, я уже объяснила выше. И потом, есть ведь телефоны и интернет для связи с близкими. И я знаю, что всегда есть возможность сесть на самолет и прилететь полюбоваться новым, таким прекрасным Актюбинском. И здесь, в Испании, у меня очень насыщенная жизнь! Я всегда чем-то занимаюсь новым. Сейчас, к примеру, учу вождение и ПДД Испании на испанском языке. Параллельно осваиваю приготовление различных десертов для бара, где работаю. Вы бы попробовали мои торты Павловой и тыквенный бисквит с грецкими орехами и шоколадными каплями внутри! Под моей опекой сейчас уже 3 собаки и 14-летний кот. Их всех надо лечить, прививать, создавать им сносную жизнь после скитаний и болезней.

# ГЛАВНЫЙ ГОРОД В ЖИЗНИ ИРИНЫ НАЗАРОВОЙ

**- Вы внесли вклад в становление первого независимого телеканала города «РИКА ТВ». Вспомните, пожалуйста, моменты этого важного периода не только в Вашей жизни, но и в жизни города.**

- Одними из самых важных моментов на «Рика ТВ» для меня были, конечно, встречи с Назарбаевым. Очень волнительные,очень ответственные, не знаю за что, но именно меня назначали брать интервью с Президентом. Мне довелось два раза брать эксклюзивные интервью с Нурсултаном Абишевичем. Он мне показался очень открытым, доброжелательным и веселым человеком. И очень простым. Говорили мы с ним о текущих делах тех моментов. Цели приезда в Актюбинкую область..Я на всю жизнь запомнила его улыбающийся добрый взгляд.

**- После РИКА ТВ Вы работали на телеканалах России, это огромный опыт и набор профессиональных навыков. Что скажете?**

- Это был бесценный опыт, если точнее. Потому что на протяжении почти 10 лет я только и знала, что училась чему-то новому. Чем я только не занималась!? Начиная от гримирования ведущего, до продажи телевизионного контента целой межгосударственной компании. Единственно, чем мне так и не довелось заниматься – это самой снимать видео. Просто потому, что в то время профессиональные камеры были тяжелыми для женщин. А позже это уже стало «не царским делом». Телевидение – это потрясающая сфера занятости. Ни с чем не сравнимая. Всегда новая. Многогранная. Советую настоятельно всем молодым людям обязательно попробовать себя в телевидении. И вы уже никогда не сможете это бросить и забыть.

**- Сейчас живете в Испании. В стране лазурного моря, среди открытого и веселого народа, на родине отважных тореро и страстных Кармен. Что изменилось в Вашей жизни там?**

- Изменилось все! И я сознательно пошла на это. Жизнь с чистого листа. Вплоть до того, что, перед отъездом я освоила новую профессию – туризм. Потому что понимала, что в другой стране без достаточного знания языка аборигенов я никогда не найду работу на телевидение. И это нормально, на мой взгляд. Выходить из «зоны комфорта» и в омут головой. Зато всегда остаешься в тонусе. Продолжаешь бесконечно учиться. Пробовать что-то новое. Искать себе место в новом мире. И, ска-

**- Вы не думали, о том, что можете передать опыт молодым, начинающим журналистам? Оказать образовательную поддержку в подготовке журналистских кадров в своем альма матере. Ведь сейчас это возможно и в онлайн режиме.**

- Я - телевизионщик. А учиться работать на телевидении можно лишь на самом телевидении и в команде с коллегами. Это коллективное творчество и коллективный труд. Один человек, каким бы потрясающим профи он ни был, ничего не стоит на телевидении, если у него нет команды. Поэтому... не уверена, что учить этому можно на онлайн-лекциях. Можно научить грамотно излагать свою речь. Но, запихнуть самое важное в минутный репортаж ты научишься лишь опытным путем.

**Беседу вела Гульнара КАРАША.**



Дворец искусств. Валенсия.



## Айдың айшықты жаңалықтары
## Лучшие новости месяца
## Top news of the month

### ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ МАГИСТРАТУРА БОЙЫНША ТАҒЫ ДА ЖАҢАДАН ЕКІ МАМАНДЫҚ АШЫЛДЫ

Олар: «6М012200 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» және «6М010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары.

### В ЖУБАНОВСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ ОТКРЫЛИСЬ ЕЩЕ ДВЕ СПЕЦИАЛЬНОСТИ МАГИСТРАТУРЫ

Это: «6М012200 – Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения» и «6М010800-Физическая культура и спорт»

### TWO NEW MAGISTRACY SPECIALTIES OPENED IN K. ZHUBANOV UNIVERSITY

They are “6M012200 – Russian Language and Literature at schools with non-Russian language of teaching” and “6M010800-Physical Culture and Sport”.







### ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ МҰЗ АЙДЫНЫ АШЫЛДЫ

Жас ұрпаққа үлгі болып, оларды салауатты өмірге баулу және Оңтүстік Кореяның Пхенчхан қаласында өтіп жатқан XXIII қысқы Олимпиадалық ойындарға қолдау мақсатында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті спорт кешенінің ауласында университет студенттеріне арналған жаңа мұз айдыны ашылды.

### В УНИВЕРСИТЕТЕ ЖУБАНОВА ОТКРЫЛСЯ ЛЕДОВЫЙ КАТОК

С целью поддержки XXIII Зимних Олимпийских игр, проходящих в городе Пхенчхан Южной Кореи и прививания здорового образа жизни у молодого поколения во дворе спортивного комплекса университета Жубанова открылся ледовый каток для студентов университета.

### AN ICE SKATING RINK HAS OPENED AT ZHUBANOV UNIVERSITY

For the purpose of support of XXIII Winter Olympic Games which are taking place in the city of PyeongChang of South Korea and cultivation of the young generation’s healthy lifestyle an ice skating rink for students of the university has opened in the yard of the sports complex of K. Zhubanov University.

### АҚТӨБЕЛІК АТАҚТЫ ХИРУРГ, ПРОФЕССОР НАМАЗ ІЗІМБЕРГЕНОВКЕ ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ БЕРІЛДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің конференц-залында медицина ғылымдарының докторы, профессор Намаз Ізімбергеновтің 80 жылдық мерей жасына орай құттықтау рәсімі өтті. Салтанатты рәсім барысында адамдарға ең қымбат сый – өмір сыйлап жүрген белгілі хирургке университеттің Құрметті профессоры ғылыми атағы берілді.

### ИЗВЕСТНЫЙ АКТЮБИНСКИЙ ХИРУРГ, ПРОФЕССОР НАМАЗ ИЗИМБЕРГЕНОВ БЫЛ УДОСТОЕН ЗВАНИЯ «ПОЧЕТНЫЙ ПРОФЕССОР» УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ К.ЖУБАНОВА

В конференц-зале Актюбинского регионального государственного университета имени К.Жубанова прошло торжественное мероприятие, посвященное 80-летию доктора медицинских наук, профессора Намаза Изимбергенова. В ходе торжественного мероприятия известному хирургу, подарившему жизнь многим, было присуждено научное звание Почетного профессора университета.

### ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ АЙБОЛҒАН КЕНЖЕҒҰЛОВА 70 ЖАСҚА ТОЛДЫ

Осыған орай Жұбанов университетінде «Болашақ педагогті кәсіби даярлау: теория және практика» тақырыбында облыстық ғылыми-практикалық конференция өтті.

### УЧЕНОМУ-ПЕДАГОГУ АЙБОЛГАН КЕНЖЕГУЛОВОЙ 70 ЛЕТ

В связи с юбилеем Айболган Кенжегуловой в университете им.К.Жубанова прошла областная научно-практическая конференция на тему: ««Профессиональная подготовка будущего педагога: теория и практика».

### ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ТӘЖІРИБЕЛІ ҒАЛЫМ МАРС ГАББАССОВ СТУДЕНТТЕРГЕ ДӘРІС ЖҮРГІЗДІ

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында физика-математика факультеті «Информатика және ақпараттық технологиялар» кафедрасында «Фактор» жүйелік зерттеулер компаниясы» ЖШС директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты Марс Габбассов студенттерге дәріс жүргізді.

### УЧЕНЫЙ – ПРАКТИК ГАББАСОВ МАРС ЧИТАЛ ЛЕКЦИИ ДЛЯ СТУДЕНТОВ УНИВЕРСИТЕТА ИМ.К.ЖУБАНОВА

На кафедре информатики и информационных технологий физико-математического факультета АРГУ им. К.Жубановав рамках программы академической мобильности читал лекции для студентов генеральный директор ТОО «Компания системных исследований «Фактор», к.ф.-м.н. Габбассов Марс Беккалиевич.


Әлемдегі ең үлкен мұз айдыны. Канада. Оттава



*Коньки тебудің денсаулыққа пайдасы зор. Денедегі зат алмасу процесін жақсартып, зат алмасу жолдарын ашады, артық салмақтан арылтады.*

# ҚЫС ҒАЖАБЫ



***Табиғат аясындағы шаңғы серуен, тюбингпен сырғанау, әсем әуендердің ырғағымен мұз айдындарында коньки тебу – бұл қыстың ең қызықты шақтары.***

***Әлемдегі ең үлкен мұз айдыны - Канаданың Оттава қаласында. Ұзындығы - 7,8 шақырымға жуық. Ені әр жерлерінде 20-дан 70 метрге дейін жетеді. Мұз айдынының жалпы көлемі - 165,6 мың шаршы метр.***

***Оттаваның кейбір тұрғындары мұз айдынын жұмысқа жету үшін жол ретінде пайдаланады. Сондықтан қала әкімдігі айдынға ерекше жол ережесі белгілерін қойған: жасыл түстісі – қамсыз алға жүруді, қызыл түстісі – мұз шытынау қаупі бар дегенді білдіреді.***

Ақтөбеде қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің берген мәліметі бойынша, қалада ақылы және тегін барлығы 50–ден астам мұз айдыны халыққа қызмет көрсетеді. Бұрын қалада жасанды мұз айдындарының саны 30-дан аспайтын. Биыл олардың саны артып, елу алаңға мұз айдыны құйылыпты.

Ақтөбедегі ең үлкен мұз айдыны - Тұрғындар қалашығында құйылған жеке кәсіпкердің мұз айдыны. Оның жалпы аумағы -85,50 шаршы метрді алып жатыр.

Коньки тебу жалпылама жүректілерге арналған спорт түрі, сондықтан батыл әріптестерге жолығып 3 сұрақ қойғанбыз.

**1. Конки тебуге деген қызығушылығыңыз қай кезден басталды?**

**2. Коньки тебудің Сіздің денсаулығыңызға қандай әсері болды?**

**3. Қаладағы ең жиі баратын мұз айдыныңыз?**



**Асель Шетиева,**
**Инновация және кәсіпкерлікті дамыту орталығының директоры, PhD доктор**

1. Коньки спортына қызығушылық бала кезімнен – 6 жасымнан басталған болатын. Қазір оны спорт түрі емес, өзім үшін қызықты хобби ретінде қарастырамын, себебі, белгілі мұз айдындарында спорттық көрсеткіштерді арттыру үшін сырғанамайтынмын, бала кезімде арнайы мұз айдыны бар спорт секциясына бармадым. Ата-анам ініміз екеуміге коньки сатып алып берді де, ары қарай коньки тебуді қатарластарымыз, достарымызбен бірге игердік. Ойы бір жерден шығатын құрдассырластарыңмен бастаған іс әрқашан да қызықты болады ғой.

2. Спорттың қай түрін алып қарасақ та, барлығы да денсаулыққа пайдалы, ал соның ішінде коньки тебудің ерекшелігі бар. Коньки теуіп жүргенде, спортпен қатар демалыстың бір түрі жүреді, күш-қуат және көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды, жүрек жұмысына пайдалы әсерін тигізеді.

3. Тұратын жеріме жақын қаладағы «Қобыланды батыр» атындағы стадионның жанындағы мұз айдынына барамын.



**Өтеген Сариев, Техникалық факультетінің деканы, техника ғылымдарының кандидаты**

1. Оқушы кезімде коньки тебуді үйренгем. Ауылымның жанында Ойыл өзенінің бір жылғасы болып саналатын «Қара су» деп аталатын кішкене өзен болатын. Ол өзеннің суы ащы болғандықтан, қыстың кезінде беті тегіс және жарылмай қататын, бетіндегі қарды тазалап, өзімізге ыңғайлы етіп мұз айдынын жасап алатынбыз. Әуелгі кезде қарапайым аяқкиіммен, қолдан жасалған клюшка хоккей ойнайтынбыз. Өсе келе бұл ойынға қызығушылық артып, анам ауылдың дүкенінен үлкен ширатқа тұрып, клюшка және аяғымнан екі есе үлкен коньки алып берді. Ол кезде мұндай құралдар өте тапшы болатын. Конькидің үлкендігін сезбес үшін аяғыма 3-4 жүннен тоқылған шұлық, байпақтың қатты қонышын кесіп, тобығымды ауыртып алмас үшін киіп алып, конькиде тұрдым. Сөйтіп конькимен хоккей ойнауды, мәнерлеп сырғанауды үйрендік, біздің ауылымызда арнайы секция болған жоқ, теледидардан хоккей, мәнерлеп сырғанау жарыстарын қарап, сонда жасалған комбинацияларды қайталауға тырысатынбыз. Менің ауылымда коньки тебе білу тақ-

...e of health and beauty



Ақтөбедегі ең үлкен мұз айдыны. Тұрғындар қалашығы



Асылзат Анарбекова, гуманитарлық ғылымдар магистрі

1. Коньки спорты өте қызықты спорт түрі деп санаймын. Ең бірінші рет конькиді мектеп кезінде теуіп көргенмін. Мектепте дене тәрбиесі мұғалімі Жақыпов Мәди ағайым спорт түріне деген қызығушылығымды оятты.

2. Коньки тебудің пайдасы орасан зор. Мұз айдынында небәрі бір сағат коньки тебу бірнеше сағат бойы жүгіргенде кететін калорияны кетіреді. Сонымен қатар, коньки тебу кезінде арқадағы және іштегі бұлшық еттер шырығады. Конькимен жүйелі түрде сырғанау ағзаның төзімді болуына әкеледі. Ал, таза ауада коньки тепкен кезде ағза қатая түседі. Одан бөлек, физикалық белсенділік жағымды көңіл-күй сыйлайды.

3. Мұз айдындарына жиі бармаймын. Біріншіден уақыт тапшы, екіншіден менің ойымнан шығатын мұз айдыны жоқ. Арнайы жабдықталған және барлық жағдай жасалған ашық мұз айдыны болса барар едім.

# СЫРҒАНАҚ



***Коньки тебу спорты – бұрыннан келе жатқан спорт түрлерінің бірі. Археологтардың зерттеуі бойынша ең көне конькилер бұдан 3200 жыл бұрын Солтүстік Қара теңіз жағалауында өмір сүрген көшпенді тайпа – кимерийлерге тән. Ең бірінші ресми тіркелген жарыстар Ұлыбританияда, 1763 жылы қаңтар айында өткізілді. Спорт түрі ретінде конькимен жылдамдыққа жүгіру XIX ғасырдың екінші жартысында дами түсті.***

сық емес, мектеп балаларының барлығы қыс мезгілінде «Қара суда» мұз айдынын жасап, коньки теуіп, уақыттарын өткізеді.

2. Коньки тебу – бұл сергек, әрі дені сау болып жүруге себепкер болатын тамаша жаттығу. Коньки спортымен жылдың төрт мезгілінде де айналысуға болады. Бірақ, қыс мезгіліндегі ашық аспан астында, таза ауада коньки тебудің адам денсаулығына пайдасы ерекше деп білемін.

3. Қаладағы қандай да бір мұз айдынын таңдап бармайды екенмін. Мүмкіндік болса қала сыртында орналасқан мұз айдынына барып, таза ауада коньки тебуге тырысамын. Бұл жағдай бала күнімдегі балғын шақтарымды есіме салады.

***Коньки тебу спортының дамуы Қазақстанда 1951 жылы Алматы қаласында, теңіз деңгейінен 1691 метр биіктікте орналасқан «Медеу» спорт кешенінің құрылысынан бастау алды.***



**Бетті дайындаған Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ
Фотограф Есет САРГУЗИН**

Ұстаз бен шәкірт • Учитель и ученик • A teacher and a pupil

# ЖҰЛДЫЗДЫ ҰСТАЗДЫҢ

Эксклюзив

***«Шәкірт болып көрмеген, ұстаз болып жарытпас» деген тіркес бар. Зілділеу естілсе де мәні зор. Қосып, алары жоқ. Менің кейіпкерім – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жұбанов университетінің «Музыка және хореография» кафедрасының аға оқытушысы Марат Айтимов, ұстазына шәкірт бола алған, шәкірттеріне ұстаз болып жүрген биік парасат иесі. Жұлдызды ұстаз бауырынан өрбіген жұлдызды шәкірттері қазақ сахнасының көркемдері, олар бүгінде шетелдік тыңдармандар жүрегін бағындыра бастады. Ал Марат Олжабайұлы УАҚЫТТЫ бағындырған, жыл озған сайын тартымдылығы артқан, өнерде өзіне лайық жолын тапқан, ұстаздықтан бір сәтке де жалықпаған шынайы дарын. Арадағы әңгіме ұстаз бен шәкірт ара-қатынасы жайлы.***



**–Өзіңіз кімді қымбатты ұстаз санайсыз?**

–Ұстазым – Инаят Жарылқанұлы Жарылқанов мен үшін қымбатты ғана емес, ондай жанның шәкірті болғаныма мақтанамын. Қызылорда қаласындағы Қазанғап атындағы музыка колледжінде (ол кезде атауы музыка училищесі) «Мамандық» пәнінен сабақ берді. Қазақстандағы академиялық шебер орындаушылардың ұстазы ретінде танымал. 2017 жылы Қазақ Ұлттық консерваториясының Құрметті профессоры атағын алды. Шәкірттерінің көпшілігі қазақ халқының академиялық вокал өнерін әлем жұртшылығына насихаттап жүр.

**–Сіз шәкірттеріңізді «балаларым» деп, бауыр тартасыз. Ұстаз бен шәкірт арасындағы жылы қатынастың тамаша көрінісі. Сіздің жақсы балаларыңыз көп сияқты..**

–Балаларымның барлығы да жақсы. Бірі өнерде табысты болса, бірі мен сияқты ұстаздықпен айналысады. Шәкірттерімді балаларыма теңеуім – оларға артқан әкелік сенімім, арадағы жылу – нәтижелі істерге бастайды. Шәкірттерімнің ешқайсысы алдымнан кесе өткен емес. Бұл менің ең үлкен педагогикалық жетістігім деп есептеймін.

**–Есімдері ел аузында жүрген қос жұлдызды шәкірттеріңіз – Димаш Құдайберген мен Нұрболат Абдуллин қандай студенттер болды?**

–Шәкірттерімнің бәріне бірдей қараймын. Дегенмен, араларында ерекшеленіп тұратындары болады. Димаш пен Нұрболат сондай шәкірттерім. Нұрболат вокал сабағында берген білім мен айтылған кеңесті санасына шөліркеген адамдай тамсана сіңіретін. Байқауға қатысып келсе, әнді қалай орындағанын, қандай амал пайдаланғанын айтып беретін. «Әннің мына жерінде қолымды ырғадым, мына жерінде көрермен арасында әніме елтіп отырған әдемі қарындастың мөлдіреген көзіне қарап айттым» деп келетін. Бұл әншіге тән болуы керек актерлік қабілет қой. Сондықтан риза болып, «Өнерде жолың болуы тиіс» дейтінмін. Ал, Димаш жаңа шығарма туралы не айтқым келіп тұрғанын, стильдік ерекшелік пен ән мәнері жайындағы ойым мен талабымды түсіндіре бастағаннан сезетін. ..Басқа сабақты қайдам, әйтеуір вокал сабағын екеуі деп үзбейтін.

**–Үлкен үміт күттіріп, тасада қалып қойған шәкірттеріңіз бар ма?**

–Азамат Бекбергенов деген балам музыка колледжін бітірген, кезінде «Екі езу» театрында ән айтты. Шәкіртімнің ән таңдауы, оны жеткізе білуі ұнайды. Тасада қалды дей алмаймын. Орындаған әндерін ғаламтордан тыңдауға болады. Дегенмен, оны сахна төрінен көргім келеді.

**–Сіз жұмсақ ұстаз тәрізді көрінесіз.. ал жастар аудиториясын жинақы ұстау үшін мінез де көрсетуге тура келетін кездер болады. Ондайда не істейсіз?**

–Сабаққа қатысы жоқ уақытта жұмсақпын. Ал сабақ уақытында жұмсақпын деп айта алмаймын. Оны шәкірттерім біледі))) солай болмаса нәтиже болмайтын кез жиі. Соңғы кездері бұрынғыдай емес, «жұмсарған» сияқтымын. Көптеген нәрселерге көзқарасымды да өзгерттім. Іске жан-тәніңмен берілудің де зияны болып жататынын түсіне бастағандаймын..

**–Жеке вокалдық ерекшелігіңізге қызыққан, әнді дәл сіздей орындағысы келетін шәкірттеріңіз болды ма?**

–Шәкірттеріме еліктеудің, біреудің көшірмесіне қызығудың қажетсіздігін үнемі айтып отырамын. Бірақ, музыка әлемінде ұстазына ұқсау – заңды құбылыс. Өйткені, сабақ барысында теориялық түсіндірумен қатар, дауыспен айтып көрсету әдісі үнемі қолданылатын болғасын, шәкірт оны қайталап айтып отырғасын, ұстаз дауысы оның санасында қалады.

**Нұрболат Абдуллин, қазақтың шоу-бизнесіндегі жаңа есім. Ақтөбе музыка колледжін бітірген. Жұбанов университетінің түлегі. Беделді «Дельбарим» халықаралық байқауының Гран-при жүлдегері. «Вальс», «Ұнайсың», «Сүйгенің қайда», «Сен қорқақсың» және көптеген хит әндердің орындаушысы.**



***–Нұрболат, «Вальс» әнін шырқағаныңызда өзімді хор қызындай сезінемін. Дөңгеленіп вальс билеп кеткім келеді.. Ләззатты орындалған ән жүректерде қалады. Табысыңыз құтты болсын!***

–Сізге солай көрінсем.. енді бұған қуану керек. Тыңдарман ықыласы, әннен әсер алуы керемет марапат. Әр әнді қолымнан келгенше жүрегімнен өткізіп, жеткізуге тырысамын.

***–Ұстазыңыз, әнші Марат Айтимов Сізді «өзімнің балам» деп еркелетіп, ыстық ықыласын, ұстаздық ризашылығын білдіріп жүргенін талай естігенмін. Ұстаздың әкедей болып кеткені керемет қой..***

–Орындаушылық шеберлігімді шыңдап, кәсіби деңгейге ұмтылуыма себепші жан – менің ұстазым Марат Айтимов. Ол ән орындау шеберлігінің жолдарын ғана емес, шәкірттерін сахна тәрбиесіне де баулыды. Жоғарғы және төменгі дыбыстарды субтонмен айту, басқа да орындаушылық әдістерді Марат ағайымнан үйрендім. Бағыма бұйырған ұстаз деп бағалаймын.

# ЖҰЛДЫЗДЫ ШӘКІРТТЕРІ

***–Орындаушылық стиліңізден, репертуарыңыздың алуандылығынан кейде Мараттың қолтаңбасы байқалғандай. Жақсы көріп, құрметтейсіз ғой ұстазыңызды?***

–Әрине. Әнді жеткізу барысында ұстазымның оқытқан әдістемесі мен көрсеткен тәрбиесін есімде ұстаймын. Сондықтан кей кезде шығарманы орындаушылығым мен дыбысты алу жағым Марат Олжабайұлына ұқсап жатады. Егер дәл ұстазымдай шеберлікке жетсем тіпті қуанар едім. Бірақ әр әншінің жүріп өтер өз жолы болғаны да дұрыс..

***–Сізді алғаш ән әлеміне жетелеген кім?***

–Мені ән әлеміне анам жетеледі. Сәби жасымнан бастап ән бәйгелеріне қосты, әнші болуымды алдымен қалаған анам. Кейін ана қалауы мен бала шешімі үйлесіп, әншілік тағдырды таңдадым. Менің аппақ анашым қашанда тілеулес. Амандығын тілеймін!

***–Репертуар таңдағанда ұстазыңызбен хабарласып тұрасыз ба?***

–Репертуар таңдаған кезде, барлығын демей-ақ қояйын, нюанстары бар, қиындау әндер кездескенде, сосын байқауларға қатысарда Марат ағайыма хабарласып, кеңес сұрап аламын. Кеңесіп алуға кейде мүмкіндік болмайды. Ондайда ұстазымнан кейін сын да есітіп жатамын. Сын алдағы нәтижелі жұмысқа мотивация ғой. Болуы керек. Дегенмен ұстазымның мақтауы көбірек. Бақыттымын.

***–Әншінің бағын ашатын ән ғой, дегенмен әннің бағын әнші ашатын кез болады. Орындау барысында кейде табиғи сүйкімділігіңіз басым болғанын сезетін боларсыз?***

–Ел аузында жүрген әні бар әнші – бақытты. Енді сүйкімділік – ол адамның жаратылысы. Бірақ мен ән орындау барысында сүйкімділік емес, орындау шеберлігіне көңіл бөлемін. Сахна мәдениетінің шарттарынан шек шығып кетпеген дұрыс. Соның ішінде қазақ сахнасында. Ұлттық тәрбиені есте ұстау керек. Әрине, әннің характеріне қарай қимыл-қозғалыс болады. Дегенмен, халыққа ұсынған дүниенің жағымды, орынды, тәп-тәтті болғанын қадағалаймын.



**Димаш (Дінмұхаммед) Құдайберген, қазақты әлемге танытқан жас әнші. Алғашқы музыкалық білімді Ақтөбе музыкалық колледжінен алды. Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті. Көптеген халықаралық ән доданарының жеңімпазы. Қытайда өткен «I am a Singer» тележобасындағы ерекше орындаушылық шеберлігі арқылы есімі дүниені шарлады. Жаңа жыл басында алған марапатын, Weibo Awards-2018 байқауының «Музыкадағы жаңа күш» номинациясындағы жеңісін ұстазы Марат Айтимовке арнағанын әнші өзінің инстаграм парақшасында мәлімдеді.**

**22 жасында дүниежүзілік ән өнері олимпіне көтерілген Димаш қазақы тәрбиелі, танымалдылығы үян мінезін өзгертпеген ақылды жас.**

***–Марат ағайыңызбен алғашқы кездесу қалай болды? Есте не қалды?***

–Жақын танысуым колледж қабырғасында болды. Бірақ алғаш ағайды бала кезімде көрдім. Қателеспесем, 1999 жылы, 5 жастағы кезім. Музыкалық мектепке барып жүрдім. Сонда Марат ағайды жиі көретінмін. Үйге келіп тұратын. Әлі күнге дейін солай. Анамның да дауысын қойған ұстазы. Колледждегі бір концертте жүргізуші менің шығуымды «Марат Айтимов» деп хабарлап жібергені есімде қалды. Сәби шағымнан еліктеп өскен әнші өнердегі әкеме айналды. Мен ұстазымды туған әкеммен қатар құрметтеймін. Марат ағайдың қарапайымдылығы, жылы жүзі, баладжандығы маған қатты әсер етеді. Үлгі тұтамын.

***–Өзіңіз алғаш музыкалық білім алған Ақтөбе музыкалық колледжі академиялық вокал әншілерін дайындайды. Осы оқу орнында шәкірт өз қалауы бойынша ұстаз таңдауы керек болар. Неге Марат Айтимов?***

–Марат ағайымның адамгершілік қасиеттерін жоғарыда айтып өттім. Ал, ең бастысы Марат Айтимов алдына келген шәкіртінің жеке қабілеттері мен дауыс ерекшеліктерін ескере отырып, өнерге баптайтын ұстаз. Дауысты тани алуы және сол дауыстың мүмкіншілігіне орай қоя білуде қателеспеуі, шәкіртіне дұрыс бағыт-бағдар беретіні ұстазымның дара тұлға екенін дәлелдей түседі. Өнердегі бүгінгі биігіме ұстазымның қосқан үлесі зор деп айта аламын. Оқу кезінде ағайымның өнер адамдарының адами қасиетін жоғалтпауын жиі айтатыны есте. Ұстаз өнегесін жадымнан шығарған емеспін.

***–Орындаушылық стиліңізге қарасам, әкеңіз, әнші-композитор Қанат Айтбаевтың сырлы үнін, анаңыз, бұлбұл-әнші Света Айт-баеваның мотивін байқаймын. Бірақ, ерекше вокал иесі – Марат Айтимовтың дауыс сарынын естімеймін... Ұстазыңыздың айырықша ұстаздық сыры осы емес пе?***

–Ата-анамның дауыстарының керемет бояуларын санама сіңіре отырып, ұстазым менің дауысыма ерекше тыныс ашты, өз жолымды көрсетті. Ол кісі тек қалай дұрыс тыныс алуды ғана емес, дауысты қалай мәпелеп күтуді де жай тілмен емес, өмірден мысалдар келтіріп, кәсіби шеберлікпен жеткізеді.

***–Шеберлікке үйрену кезінде ұстаз бен шәкірт арасында сәл келіспеушіліктер болып қалатыны рас. Ондай жағдайлардағы ұстанымыңыз?***

–Оқу процесінде мұндай жағдайлардың болуы заңды. Марат ағайым карым-қатынастың сондай нәзік тұстарын мәдениетті түрде қалыпқа бұратын білгір ұстаз. Мен ұстазыма ешқашан қарсы шығып көрген емеспін. Себебі оның ақыл-кеңестерінің бәрі ұнайтын. Сабағынан қалмайтынмын. Ағайымның бір ауыз мақтау сөзі халықаралық конкурстардан алған жүлделерімнен де артық болатын. Өнер айдынында жеке дара кетсем де, ұстазымның тәрбиесіне бәрібір құштармын.

***–Марат Олжабайұлын қандай сәттерде сағынасыз?***

–Жақсы ұстазды оқушысы ылғи да іздейді, сағынады. Әсіресе, сын сағаттарда. Үлкен өнер додаларына түскенде ең жақының – ата-анаң және ұстазың екенін білдім. Қытай еліндегі беделді телебайқау кезінде ұстазыммен телефонмен хабарласып, ақылдастым.

***–Қазір әлемдік турнеде жүргеніңізді білеміз, қызықты өтіп жатыр-ған болар, жас әнші үшін бұл үлкен тәжірибе ғой.***

–Оныңыз рас. Әр ән бір тағдыр, заман тынысы, тарих. Енді таңдауға үйренуге де тәжірибе керек. Жеке ән кештерінде орындалатын әндер жоғары талғамды қажет етеді. Сонымен қатар әнге сәйкес би қойылымдары, қозғалмалы техниканың көмегін ұтымды пайдалану, сахнадағы әнші қозғалысы, осылардың бәрін игеру – уақыт күттірмейтін бүгінгі заман талабы. Тез икемделу керек. Көрермен әншінің жастығына қарап жеңілдік жасамайды, ол концертке эстетикалық ләззат алу үшін келеді. Жанды дауыста ән шырқау да – ұстанымым.

**Бетті дайындаған**
**Гүлнара Қараша**



***Марат ағай,туған күніңізбен тағы да құттықтаймын! Алыстан сағынышпен жолдаған Димаш балаңыздың да тілегі қабыл болсын! Әлемдік аренадағы өнер мұхитында ұлыңыздың емін-еркін жүзуіне жол сілтеп, дайындап жіберген – өзіңіз. Алпамыс айтқандай «атыңыз өнер тарихына алтын әріппен жазылатын жансыз ғой». Аман болыңыз!***

***Светлана Айтбаева,***
***әнші,***
***Д. Құдайбергеннің анасы.***
***23 сәуір, 2017***
(М.Айтимовтің Фейсбук парақшасынан алынды)

● Ғылыми қауымдастық ● Научные сообщество ● Scientific community

# НОБЕЛЕВСКАЯ ПРЕМИЯ: КТО ПОБЕДИЛ В 2017 ГОДУ




## Нобелевский комитет выбрал самые важные открытия, исследования и процессы

Оглашены все лауреаты Нобелевской премии 2017 года - одной из самых престижных наград в мире.

Нобелевская премия вручается в областях литературы, физики, медицины, химии и за вклад в достижение мира во всем мире. С 1969 года вручается неофициальная Нобелевская премия по экономике.Награждение проходит ежегодно 10 декабря. В Стокгольме вручают премии в области физики, химии, медицины, литературы и экономики, а в Осло - в области защиты мира.

## Нобелевская премия по медицине: биологические часы

Премия по физиологии и медицине досталась Джеффри Холлу, Майклу Росбашу и Майклу Янгу за работы в области биологических ритмов.

"За открытие молекулярных механизмов, контролирующих циркаднные ритмы", - звучит формулировка Нобелевского комитета. Циркадные ритмы - это циклические колебания интенсивности различных биологических процессов, связанные со сменой дня и ночи.

Уже давно известно, что у всякого организма есть так называемые биологические часы. Изучение этого феномена началось еще в 18 веке. Изучение внутренних часов стало совершенно самостоятельной отраслью науки, которую называют хронобиологией.

Лауреаты премии исследовали плодовых мушек. Им удалось обнаружить у них ген, контролирующий биологические ритмы.

Ученые выяснили, что этот ген кодирует белок, который накапливается в клетках на протяжении ночи и разрушается в течение дня.




Гены, которые определяют работу биологических часов, открыли еще в 1980-90-х годах. Они называются: period (белок, который производится с его помощью, называется PER), timeless (белок TIM) и doubletime (белок DBT).

Заслуга Холла, Росбаша и Янга в том, что они определили эти гены и проанализировали, как они работают у мушек-дрозофил. Таким образом ученые разобрались, как у этих мушек устроены биологические часы - то есть как гены определяют их поведение в течение суток.

Впоследствии они выделили и другие элементы, отвечающие за саморегуляцию "клеточных часов" и доказали, что биологические часы аналогичным образом работают и у других многоклеточных организмов, включая людей.

Внутренние часы отвечают в том числе за циклы сна, кровяное давление, уровень гормонов и температуру тела. Они влияют на всю жизнь на земле от одноклеточных цианобактерий до высших позвоночных.

**Какая польза?** Есть люди, у которых работа биологических часов нарушена из-за мутаций в некоторых генах. Например, они хотят спать уже к семи вечера и просыпаются в тричетыре часа утра. Если не могут себе позволить спать именно в это время, то это приводит к недосыпу и всем негативным последствиям, вытекающим из этого.

Кроме того, благодаря знанию механизмов можно выявлять периоды, когда определенные лекарства более эффективны и при этом вызывают меньше нежелательных реакций.

Отметим, что у людей, которые работают в ночную смену, чаще развиваются инфаркт миокарда, инсульт, ожирение и сахарный диабет.

## Нобелевская премия по физике: гравитационные волны

Нобелевская премия 2017 года по физике присуждена создателям международной коллаборации LIGO, благодаря которым были обнаружены первые гравитационные волны, предсказанные ученым Альбертом Эйнштейном 100 лет назад.

Доктор Райнер Вайсс, доктор Кип Торн и доктор Барри Бэриш с коллегами работали над своим проектом на протяжении нескольких десятилетий. К сделанному в 2015 году открытию были причастны тысячи человек, работающие на пяти континентах.

Около миллиарда лет тому назад на расстоянии 1,3 миллиарда световых лет от Земли две черные дыры массой 36 и 29 масс Солнца кружили одна вокруг другой, постепенно сближаясь под воздействием взаимного тяготения, пока не столкнулись и не слились воедино.В результате такого столкновения произошел колоссальный выброс энергии - за доли секунды примерно три солнечные массы превратились в гравитационные волны, максимальная мощность излучения которых была примерно в 50 раз больше, чем от всей видимой Вселенной.Сближение, столкновение и слияние двух черных дыр привело в беспорядок окружающий пространственно-временной континуум и отправило во всех направлениях со скоростью света мощные гравитационные волны.

К тому моменту, когда эти волны достигли нашей Земли (а было это утром 14 сентября 2015 года), некогда мощный рев космических масштабов превратился в едва различимое шепот.Однако два в несколько километров длиной детектора Лазерно-интерферометрической обсерватории гравитационных волн, зафиксировали легко узнаваемые следы этих волн. Обнаружение гравитационных волн подтвердило предсказание общей теории относительности Альберта Эйнштейна, сделанное в 1915 году.В ученой среде говорят, что по сравнению с премиями последних лет - это одна из самых заслуженных премий, потому что является фундаментальным открытием, которого ждали 100 лет.

**Какая польза?** До регистрации гравитационных волн о поведении гравитации ученые знали только на примере небесной механики, взаимодействия небесных тел. Но было понятно, что гравитационное поле имеет волны и пространство-время может деформироваться подобным образом.

## Нобелевская премия по химии: криоэлектронная микроскопия

Нобелевская премия по химии в 2017 году была присуждена за развитие криоэлектронной микроскопии высокого разрешения для определения структур биомолекул в растворах.

Лауреатами стали Жак Дюбоше из Лозаннского университета, Иоахим Франк из Колумбийского университета и Ричард Хендерсон из Кембриджского университета.

Криоэлектронная микроскопия - это форма просвечивающей электронной микроскопии, в которой образец исследуется при криогенных температурах.

Метод популярен в структурной биологии, так как позволяет наблюдать за образцами, которые не были окрашены или каким-либо образом зафиксированы, показывая их в их родной среде.

При электронной криомикроскопии замедляется движение входящих в молекулу атомов, что позволяет получать очень четкие изображения ее структуры.

Получаемые о строении молекул сведения чрезвычайно важны, в том числе, для более глубокого понимания химии и развития фармацевтики.

*Криоэлектронное изображение белков GroEL, суспендированных в аморфном льду при увеличении в 50 000 раз*



Как отмечается в пресс-релизе Нобелевского комитета, исследования ученых помогают улучшить и упростить визуализацию биомолекул. Криоэлектронная микроскопия, разработкой которой занимались ученые, "переместила






ОБЪЯВЛЕН НОВЫЙ СЕЗОН
**Национального конкурса молодежных бизнес-проектов «StartupBolashak – Менің арманым»!!!**
НАШ КОНКУРС
для начинающих предпринимателей в возрасте 16-35 лет

УЧАСТВУЙТЕ! ПОБЕЖДАЙТЕ!
Отборочный тур в Актюбинской области - 9-11 марта 2018 г. АРГУ им. К. Жубанова
УЧАСТИЕ БЕСПЛАТНОЕ!
**Официальные сайты конкурса:**
www.meninarmanym.kz
www.bolashak.kz
www.arsu.kz
**Аккаунты в социальных сетях:**
@startup.academy_aktobe (Инстаграм)
Стартап Академиясы. Жұбанов Университеті (Facebook)

биохимию в новую эру".

**Какая польза?** Крайне важно знать структуру белка, поскольку механизм его действия является фундаментальным, ведь человек, как и все существа на Земле, - белковая форма жизни.С помощью знаний, которые дает криоэлектронная микроскопия можно создавать лекарства, вступающие в взаимодействие с белками, модифицировать их активность.

Также можно придумать белки с новыми функциями, которые человек еще не научился создавать, поскольку нет знаний, как именно работают различные белки.

Две главные отрасли, в которых пригодятся эти знания, - биотехнология и медицина. Это один из шагов, в том числе, и в сторону создания лекарства против рака.

## Нобелевская премия по литературе: иллюзорность связи с миром

Лауреатом Нобелевской премии по литературе в 2017 году стал британский писатель японского происхождения Кадзуо Исигуро - обладатель многочисленных литературных наград, популярный и признанный мастер.

"В своих романах невероятной эмоциональной силы обнажает бездну, скрытую за нашим иллюзорным ощущением связи с миром", - говорится в объяснении Нобелевского комитета.

Как отмечают критики, он получил Нобелевскую премию, как один из самых известных, уважаемых, читаемых и обсуждаемых прозаиков современности и искать тут политического подтекста тут не следует.

Все книги Исигуро в разной степени исследуют тему коллективной и индивидуальной памяти.

Большой успех пришел к Исигуро с романом Остаток дня 1989 года, посвященном судьбе бывшего дворецкого, всю жизнь прослужившего одному знатному дому.

За этот роман Исигуро получил Букеровскую премию, причем жюри проголосовало единогласно, что для этой награды беспрецедентно.

Немало поддержал славу писателя и выход в 2010 году фильма по антиутопии Не отпускай меня, действие которой происходит в альтернативной Британии конца 20 века, где в специальном интернате выращивают детей-доноров органов для клонирования. В картине сыграли Эндрю Гарфилд, Кира Найтли, КэриМаллиган. В 2005 году этот роман включен в список ста лучших по версии журнала Time.

Кроме них также экранизирован роман Белая графиня.

Последний роман Кадзуо Погребенный великан, опубликованный в 2015 году, считается одним из самых странных и одновременно смелых его произведений.

## Нобелевская премия мира: борьба с ядерным оружием

Международная кампания по запрещению ядерного оружия получила Нобелевскую премию мира."Организация получает за свою работу награду, чтобы привлечь внимание к катастрофическим гуманитарным последствиям любого применения ядерного оружия, а также из-за ее новаторских идей по достижению запрета на такое оружие на основе договоров", - заявили в Нобелевском комитете.Председатель норвежского Нобелевского комитета БеритРейсс-Андерсен отметила, что сейчас угроза применения ядерного оружия находится на высочайшем уровне за долгое время.

"Одни страны модернизируют имеющиеся ядерные арсеналы, другие ищут пути к обладанию ядерным оружием, ярким примером чего является КНДР", - сказала она.




*«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Хабаршысы» ғылыми журналының мерейлі 50-ші нөмері жарыққа шықты*

* * *

*Вышел юбилейный 50-номер научного журнала «Вестник Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова»*

* * *

*The jubilee 50th issue of the scientific magazine «Vestnik of K.ZhubanovAktobe Regional State University» came out*

## Нобелевская премия по экономике: поведенческая экономика

Лауреатам Нобелевской премии по экономике за 2017 год стал американец Ричард Талер "за вклад в исследование поведенческой экономики".

Поведенческая экономика изучает влияние социальных, когнитивных и эмоциональных факторовна принятие экономических решений отдельными лицами и учреждениями и последствия этого влияния на рынки.

Проще говоря, это дисциплина, которая изучает нерациональное поведение человека.

Специалисты по поведенческой экономике интересуются не только происходящими на рынке явлениями, но и процессами коллективного выбора, которые также содержат элементы когнитивных ошибок и эгоизма при принятии решений экономическими агентами.

Экономисты выяснили, что люди, оказывается, весьма избирательно работают с информацией (эвристика доступности), в частности подвержены влиянию толпы (информационные каскады), склонны преувеличивать собственные прогностические способности (феномен избыточной уверенности), плохо понимают взаимосвязь между разными явлениями (регрессия к среднему), а их заявленные предпочтения можно исказить, изменив лишь форму представления задачи, но не саму задачу (эффект обрамления).

https://korrespondent.net



# Жиде гүлдеді...

Жақсылық Әлихан,
«Қазақ филологиясы»
мамандығының
2-курс студенті

Алғашында қылауланып бастаған қар ұшқыны жапалақтап жауып, міне, екінші күн, бас көтертпей түтеп тұр. Күнгей беттен соққан жел боранға әкеп соқты. Ұйытқыта кеп ойдым жердің ернеуіне ирек-ирек боп қар кідіреді.

Таң ата жел бәсеңсіп, ақ түтек боран тынды. Ауладағы үйілген мая шөпті де қар көмген. Малға үңгіп салған шөптің қуысына тығылған төбет,табиғаттың бұл беталысына разы емес кейіп танытардай, бүрісіп, қыңсылап алады. Ауланың қарын тазалауға мойыны жар бермегендік пе,әлде осынау тыныштықты бұзып алмайын деді ме, өзгеге белгісіз, әйтеуір самарқау қимылдап, бұйра шашын салалап сипап Аян терезеге үнсіз қарап отыр. Көретіні сол, ақ кебінге оранған дала. Айнала ақ үлдеге әбден оранып, аспаннан түскен әр қардың түйіршігін жер-ана өзіне көмкере береді, көмкере береді. Аппақ далаға ұзақ қарағаннан болар, үй іші Аянға көзге түртсе көрінбес қараңғы.Темір пештің түбінен сипалай жүріп биялайын тауып алды да,үстіне пупайкесін жамылып,басына түлкі тымағын кие сала тысқа шықты. Қапалақтаған қар бірінің сырын бірі ұрлағандай ерке қимылмен жерге түседі. Тыныштық...иә, құлақты керең қылардай.

Аян қораның жанындағы қар басып қалған күрегін тауып алып, есік алдын ысқыына арши бастады. Екі күн толассыз жауған қар бүгін бәсеңсіген.

Жігіт күрегін қойып енді айырды алды. Қар жапқан шөпті ұрғылап-ұрғылап суыра бастады. Иесінің ісінен секем алған ит қуыстан атып шықты. Аян мән бермеді, қорадағы малына шөбін салып,тасының шеті жемірілген құдықтан су алып астауға құйды.

Күйкі тірліктің ағымымен өтіп жатқан өмірай... Тағы да кеш.Күндi қыр астынан біреу арқандап алып өзіне қарай жаныға тартып жатқандай. Еңкейген сәті еді, зып беріп баттыда кетті. Аян көкке қарап түнгі аспанның шамдарын қызықтады. Орақша иілген ай, жер-анаға қиқарлық көрсетердей, әдепсіздік танытып тұр, шалқасынан жатыр. Аян күбірлеп «осы апта аяз болады» деп үйіне кірді. Түн жамылып дала жатыр, ел жатыр, ауыл жатыр.

Темір пештегі құман мазаны кетірді. «Мені құтқар, мына ыстықтан» деп жан ұшыра ышқынатын секілді. Жігіт аздан соң ызыңға да мән бермеді, кірпіктері айқаса құманнан бетер пышылдап, ұйқыға кетті.

— Уәдеңіз қайда?-деп қарсы алдына уыздай жас,аққұба өңді, қиылған ай қабақты,мөлдір жанарлы бір қыз кеп жебедей кірпіктерін қозғалтады.

— Мен үнемі сіздің жаныңызда жүремін, ал сіз мені мүлде байқамайсыз, елемейсіз. Асығыңыз жиде гүлдеді.

— Сізді тани алмадым,-деп Аян күмілжи қалды.

— Жиде гүлдеген кезде сіз маған қыр гүлдерін теріп, құшақ-құшақ қып буып беремін дегенсіз. Уәдеңіз қайсы?

Қыз оған қарап ерке сықылықтай күлді. Күлкісін таудан сылдырлай аққан бұлақ дерсің.

— Мені жиі мазалайсыз.

— Мені, сіз, мүлде елемейсіз,- деп самал сипаған шашын ретке келтіре тік қарады.

Жігіт аңдап қараса, жап-жасыл жайлауда тұр. Самал жел үп етіп қыздың көйлегімен ойнап, тербегендей болады. Дәл өңі секілді. Қыздың жанарынан жалын атқандай. Жақындап келіп қыз қолымен оның бұйра шашын ұстай бергенде, Аян шошып оянды. Өзінің бөмесінде жатыр екен, қараңғы. Таң ата қоймапты.

— Аспан күңгірттеніп жер жүзін мәңгі қоя қараңғылық қылатындай бойға қорқыныш ұялатады. Тұтас көкті торлаған бұлт арасынан күннің қай тұста екенін білу мүмкін емес. Аянның бұл түсті көргеніне бірнеше күн болды. Мұнша томаға-тұйық күйге түсіп, бір түсті көре беру оны әбден мезі етті. Бірақ, қайтіп құтылмақ? Сол күні Аян ауылдағы үлкен қарияға жұмбақ қыз жайлы түсін жорыту үшін барды. Көріпкелдік қасиеті бар Тоқтар шал тәспісін алып біраз ойға шомды.

— Бұл белгі ғой, балам, - деп Тоқтар, көзін сығырайта, иегін кемсеңдете сөйледі.

— Белгісі несі, ата?!

— Менің бала күнімде әкем айтып отыратын «біздің ауылдағы өзенді күн батысқа қарай жағалай берсең, ұйыса өскен бір топ жиде ағашын көресің. Ол жерді ел «қарғыс атқан орын» дейді. Көктем келіп, жердің тоңы еріп, дала ұзатылар қыздай жасанған мезгілде жиде гүлдейді. Иран бақтай құлпырады, оны көрсең жер жұмағын мекендеген адамдай күй кешесің. Бірақ,ол жер қанша сұлу болса,сонша үрейлі еді. Су бетінен сең жүріп,өзен еріп, арнасына толғанда балықшылар ағысқа ау салады. Бір күні олар әлгі жиде ағаштарының тұсына (ағыстың бәсеңсіген жеріне) келіп ау тастағалы жатады. Бұл аңызға сенбейтін қармақшылар күтпеген жайға тап болыпты. Жиде ағаштарының арасында толқын шашы иығына төгілген, аппақ көйлек киген бір қыз теріс қарап ән салып отыр дейді. Олар оны көре сала қармағын да, қайығын да тастай қашыпты», - деп Тоқтар шал әңгімесін аяқтаған кісідей жігітке мән бермей, күбірлеп өзін-өзі бірдеңе айта жөнелді.

— Түсінбегенім... деп Аян сөзін бастай бергенде шал:

— Оның таңдауы - сен. Өлілерге тірілерден көмек керек. Сенің түсіндегі қыз осыдан көп жылдар бұрын өмір сүрген адам. Әкесі оны малға сатып, сүйгеніне тағдыр қоспапты. Ал оны сүйген жігіт бай адамдарының қолынан қаза табады. Өмірдің ауыр соққысына төзе алмаған қыз ауылдан қашып шығып, басы ауған жаққа бет алады. Соңынан қуған күйеуі жиде ағаштарының маңында қызды ұстап алып бауыздай салған. Қыздың ағайыны оның мүрдесін әкелуге жүрексінген, өйткені ол жерден біресе сыңсыған ән, біресе зар еңіреп айтылған жоқтаудың даусы естіледі екен. Бірнеше айдан соң дауыс сай-сүйегіңді сырқыратар ащы зарға ұласып, өршелене ыңыранады.

Тоқтар шал сөзін аяқтай бере Аянға қарады.

Жігіттің бойын қорқыныш билегені айтпаса да белгілі еді. Көріпкел бұдан соң ештеңе демеді, тәспісін тартып күбірлеп басқаға белгісіз өз шаруасымен қалды.

Аян мең-зең күйі орынынан тұрып,тымағын қолына ұстап үйден шығып кетті. Аспанды торлаған қою қараңғылық сейілмепті. Жігітке мұндай әңгімеден кейінгі қорқынышына үстеме үрей қосқандай. Алыстан өзеннің батыс беткейінен қыздың зарлы даусы естілді. Үзілді...қайта естілді.

***

Тоқтар атаның әкесі бұл әңгімені ойдан құрамаған болар. Бірақ бұл аңызды әкем маған айтпады ғой. Мм... қайдан айтсын? Әкем өмірден өткенде мен бар болғаны үш жасар едім.

Өз ойымен Аян алысып жатып тағы да әкесін ойлады. Көз алдына елестетіп еді, өзінің шашындай бұйра, маңдай қыртысы қолмен сызып қойғандай біркелкі, қалың қасты бір ер адам кейпін көмескілеу келтірді. Мойынына мінгізіп ап қырдан етекке қарай жүгірген кездері еміс-еміс есінде секілді. Тағы да түн. Аян үйде жалғыз қалғанына бір жұмадай уақыт болды. Анасы көрші ауылдағы науқастанып қалған апасына көмек бергелі кеткен. Бірде әкесін, бірде жалғыздығын ойлап жатып көзі іліни ұйқыға кетті.

Тырс-тырс...тықыр-тықыр... Еденнің шегесі босаған ағаштарын басқанда осындай дыбыс шығады. Жақындап келеді. Біреу дәл жанына келіп қарап тұр. Анық, иә,біреу кеп тұр, алыста емес, қасында. Аян көзін жұмған күйі сезіп жатты. Көзін ашып қараса, тарпа бас салардай. Ұйықтап жатқан адамдай тырп етпеді. Келіп тұрған адам тізе бүкті, көзін тайдырар емес, төгілген шашы иығынан сусып Аянның бетін қытықтады. Түс емес, ап-анық өңі. Арада сәл кідіріс болды да, жұп-жұмсақ алақан маңдайына



тиді де, артынша қатқыл бұйра шашын салалай түсті. Жыңғылдың арасына тал жібек түсіп кеткендей қатқыл шашқа жұмсақ қол тітіркене жүрді.

– Сіз менен қорықпаңыз, шошытайын деген ойымда жоқ. Ояу екеніңізді де білемін. Жігіт еріксіз көзін ашты. О, Алла-ай, дәл түсіндегі қыз, аруақ қыз, өңінде келіп тұр. Бұл жолы ол мөлдір жанарлы емес, көзі шарасынан шығып кетердей бақырая қарайды. Ал шашын жайып жіберіпті. Езуінен сырғи аққан қан иегіне келіп тамшылап, аппақ көйлегін қызыл-ала қылады.

— Маған сіздің көмегіңіз қажет. Білесіз бе? Адамдар ылғи өлілерден керегін сұрайды, тірілер аруақтарға тілегін айтады. Мен, мен – өлімін. Маған тірілерден көмек керек. Ақиқатында өлілер тірілердің жәрдеміне зәру, – деді аруақ қыз мұңая сөйлеп.

Жүзі сынық, әлденеге өкпелеп отырғандай. Аянның тілі күрметілді.

— Мен, мен... не қылайын, – даусы дірілдеп шықты. Өзін мүлде естімейді, не дегенің де ұқпайды.

— Сүйегімді тауып, жер қойнына табыстаңыз, содан соң сізді мазаламаймын, түсіңізге енбеймін, – деді езуіндегі қанын сүртіп.

— Қайдан..? Қайтіп таппақпын? Үрейдің әсері болар, жігітке жан біткендей ышқына сөйледі.

— Жиде гүлдейді, гүлдейді, гүллдеееееййійдіііі.

Дауыс Аянның құлағында жаңғырып, ащы естілді. Аруақ қыз көз алдында жоғалды. Орынынан атып тұрып бетін ұстай қалып еді, қара терге малшынып жатқанын байқады. Ентігіп демалады, өлі мен тірінің арасында қалғандай сезінді өзін. Үй ішінің қараңғылығын терезе пердесінің ашық қалған тұсынан түскен айдың сәулесі тілгілеп тұр.

Сол күннің ертеңіне Аян шаңғысын киіп алдыда өзенді батысқа қарай жағалай жөнелді. Бүгін аяз қиқарлық таңытпады. Көктем кіріп келе жатқандай жып-жылы.

«Әне бір топ жиде ағашы. Қазір барамында орта тұсына кіріп қарды аршып, одан топырақты түрткілей сүйекті тауып алып, қапқа салып Тоқтар шалға апарамын. Одан соң екеуміз оны төбедегі молалардың жанына жерлейміз», – деп Аян ойланып келеді.

Ағаштарға да жетті. Жігіт аяғын нық баса жақындап келеді, «аруақ қыздың» мекеніне. Әлден соң ән естілді. Аққу құстың сыңсығанындай. Әнді тыңдаған ол барлық дүниені ұмытты. Топ жиде ағаштарының арасына, дауыс естілген жаққа жігіт еріксіз аяқ басты, шегінбеді, бұл жолы мүлде үрейленбеді. Ортадағы қалың ағаш көктем келсе де, жанданбайтын секілді, дымы қылмай қурапты. Сол ағаштың түбіне көз жүгіртіп еді, бір қиыршық қар қонбаған сары ала адамның сүйегін көрді. Жаратқанның өзі оған топырақ та, су да,қиыршық қар да тигізбегендей.

Аян сүйектің қасына келіп тізе бүкті. Тәңірдің құдіреттілігіне қайран қалды. Көкке қарап тәжім етіп, «Құл-хуаалласын» үш рет қайырды. Аспанды тағы да құю бұлт торлап алыпты. Қайтадан сүйекке мойын бұрып қараса, сүйек жоқ. Орнында қыз отыр. Күлімсіреді де:

— Рахмет, Аян. Мен енді мәңгілік тұрағыма кетемін. Сенің жебеушің боламын. Ол жақта тәңірімнен сенің бақытыңды тілеймін. Қыздың жүзі бал-бұл жайнайды. Тал бойында бір мін жоқ сұлу, сұңғақ.

Сол күні-ақ көп күтпей Тоқтар шал Аян әкелген «аруақ қыздың» сүйегін жілік-жілігімен реттеп, құран алып, аяттарын оқып төбе басындағы молалар жанына жерледі. Ел бұны естіп, таңдай қағып, бас шайқады. Аңыз ақиқатқа айналып, одан әрі аңызға ұласты.

Аянның қысқы демалысының бітуіне бірнеше күн қалды. Анасы да көрші ауылдан келіп, баласының киім-кешегін дайындап, ас пісіріп бәйек болып жүр. Баласы Алматыға кетпек. Жігіт қолына күрегін алып, ауланың қарын баяғы сармарқау күйінде күрей бастады. Қар астындағы тасқа тіреліп аздан соң күрегінің басы майыса сынып кетті. Аян аялдамастан көршісі Аманның үйіне беттеді. Аманның ауласында теріс қарап бейтаныс біреу қар күреп жүр.

— Ассалаумағалейкум, үйде Аман аға бар ма екен? Күрек сұрағалы келіп едім? – деді Аян. Бейтаныс адам жігітке қарап рақаттана күлді. Қыз екен, сұлулығы көз байлайды. Көңілге жылу тарататындай. Көркі естен таңдырарлық. Аяз шымшыған бетінде қызылы ойнайды. Қаламмен сызғандай қиғаш қасының астынан қымсына қарайды. Аппақ қысқа көктемнің жалғыз қыр гүлі түсіп кеткендей, үйілген қардың арасында еркелей сықылықтайды.

— Кешіріңіз, – деді де жігіт ішінен. «Қап ұятай,ұят болды-ау», – деп міңгірледі.

— Сіз кім боласыз?

— Мен Аман ағаның жиенімін. Есімім – Рысгүл, – деді әлі күлкісін тия алмаған қыз.

— Алматыда оқимын, демалысқа келгенмін. Майда үні адамның құлағына сынаптай сіңеді, аққу құстың сыңсығаны тәрізді. Нәзіктігі қауырсындай.

— Мен де...мен де деппін-ау, мен де Алматыда оқимын.

Екеуінің жанары бір-біріне шарпысып жалын атты.

Ел өзен жағасындағы топ жидеден қорықпайтын болды. Зар да тынды, ащы дауыс та естілмейді. Ғашықтар жиде ағаштары гүлдеген сәтте, баяғы «аруақ қыздың» мекеніне барып, табиғат сұлулығына таңқалысады. Бір-біріне сыр шертіп, жүректен мөлдір сезімдерін ақтарады. Ол жерге Аян да бармақ. Уәдесі бойынша Рысгүлге қыр гүлдерін құшақ-құшақ қып буып бермек...



## Я И СНЕГОПАД

*Настроив жизнь на новый лад,*
*Я парком шла, как зимним лесом.*
*За мной мечтательным повесой*
*Вдруг увязался снегопад.*
*На угасающей заре*
*Он извивался и кружился,*
*И обольстительно искрился*
*В лукавом свете фонарей*
*Пушистой шалью кружевной*
*Заботливо окутал плечи,*
*Порхал вокруг. Шептал,что вечер*
*для нас - волшебное кино.*
*Седой щетиной, как крылом,*
*Колол мне щёки, налетая,*
*А на губах безвольно таял,*
*Не в силах совладать с теплом.*
*Проникнув, под воротником*
*Пытался шею целовать мне,*
*В его волнующих объятьях*
*смешно вдруг стало и легко.*
*И оторваться от земли*
*Смогла я безрассудно, смело,*
*И мы кружились в вальсе белом*
*Над кронами уснувших лип.*
*А парк сверкал, как майский сад,*
*В цветах холодных мало прока. . .*
*Но было мне не одиноко:*
*Летели – я и снегопад.*

**Ирина Шабалина**
**www.stihi.ru**





**Студенттер ас үйінің бүгінгі аспазшысы физика-математика факультетінің «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының 1-курс студенті Манар Әбдрахманова.**

Манар оқу озаты, қоғамдық жұмыстардың белсендісі, ғылыми-зерттеумен де айналысады. Сонымен бірге ол достары арасында студент бюджетіне лайық ас мәзірлерін жақсы білетіні үшін де танымал.

**Манар Әбдрахманова:** Бала кезімнен ас әзірлегенді ұнатамын, дайындау барысында ылғи да көңіл-күйім көтеріңкі болады. Ас мәзірлері туралы кітап, журналдар сатып аламын, ғаламтордан іздеймін. Бейнетаспаға қарап отырып, жаңа ас дайындайтын кездерім де болады. Сіздердің назарларыңызға ұсынып отырған салат негізі көпшілікке таныс, дегенмен бұл ас мәзірін дайындау студент қалтасына салмақ түсірмейді. Өте құнарлы, жеңіл дайындалады. Қажет өнімдерді сатып алуға шамамен 400 теңге кетеді. 4 адамдық мөлшерге есептелген. Ас болсын!

## ҚЫЗЫЛША ҚОСЫЛҒАН БАЛЫҚ САЛАТЫ

**Дайындауға қажет:**

Балық (селедка немесе консервідегі балық томатсыз) – 1 құты

Қызылша – майда түрінен 2-3 түйір

Жұмыртқа – 2-3 түйір

Картоп – 3 түйір

Сәбіз – 2 түйір

Пияз – 1 түйір

Майонез – 100 гр

Тұз – қалауыңызша

Дайындық: қызылша, картоп, сәбіз, жұмыртқаны пісіріп алу керек, асты әзірлеу барысында олар үккіштен өткізіледі. Ал, балықты қылтанағынан ажыратып тазалап, майдалап турап алады.

## ДАЙЫНДАУ ЖОЛЫ:

Тәрелкеге алдымен балықты жайып саламыз.

Балықтың үстіне картопты толық жайып, саламыз. Үстіне майонез жағамыз.

Картоптың үстіне сәбізді жайып салып, үстіне майонез жағамыз.

Сәбіздің үстіне жұмыртқаны салып, бетіне жұқалап майонез жағу керек.

Соңғы қабатқа қызылшамен жауып, үстіне сәндеп майонезді жағамыз.









**ЕСКЕ САЛУ: әр қабатта бір шымшым тұз себуге болады. Сондай-ақ, балыққа дәмдеуіш ретінде аздап пияз да қосады. Дайындап болғаннан кейін бетін жауып, бір сағат тоңазытқышқа салып қою керек.**









**Бетті дайындаған: Сандуғаш Дүйсенбаева**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БжҒМ «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

Ректор
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор
**Гүлнара Қараша**

Тілшілер:
Жадыра Арен
Сандуғаш Дүйсенбаева

Аудармашылар:
Наталья Голубева
Ажаргүл Кунарова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Ә. Молдағұлова даңғылы, 34,
102 бөлме
Тел: 8 (7132) 55 23 21
E-mail:
zhubanovpress@mail.ru
Сайт: www.arsu.kz
Facebook: Пресс-служба университета Жубанова
Таралымы: 5000 дана

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды.**